

Техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімінің 2018 жылғы 23 қарашадағы № 14 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зайсан аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 29 қарашада № 5-11-173 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына, 50-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" № 756 қаулысына сәйкес, Зайсан ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Зайсан ауданында орналасқан Үйдене су қоймасында апатты жағдайдың туындауы мүмкін болуына байланысты объектідегі объектілік ауқымда техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысы болып Зайсан ауданы әкімінің орынбасары А. Кусаинов тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Қасымжанов